

Сонымен қорыта айтар болсақ, мұғалімдердің этнопедагогикалық дайындығы этномәдени мұраны сақтаудың маңызды факторы болып табылатын этностардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін сақтауда шешуші рөл атқарады. Мұғалімдер этнопедагогикалық дайындық арқылы мәдени мұраны сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу үшін тіл мен оған қатысты болған барлық дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын түсінеді. Этнопедагогикалық дайындықтан өткен мұғалімдер мәдени элементтерді оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіруге қажетті білім мен дағдыға ие бола алады. Сөзімізді мына бір тұжырыммен аяқтағымыз келіп отыр: «болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлау – кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің мақсатты, мазмұндық, процессуальды және нәтижелік аспектілерінде заманауи мұғалімге қойылатын талаптарды жүзеге асыру».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсекее Г.Ә. Тіл мәдениеті. Оқу құралы. Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. – 114 бет.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогическая концепция национальной школы // Национальная школа: концепция и технология развития: Докл. и матер. междунар. конф. - Якутск, 16-21 марта 1993 г. - М.: Просвещение, 1993. - С. 45-52.
3. Гмырин А.Г. Воспитательный потенциал народных традиций Поморского Севера в подготовке учителя физической культуры: Канд. дис. - СПб., 1995. - 16 с.
4. Мамонов В.А. Подготовка студентов педвуза к использованию прогрессивных идей таджикской народной педагогики Канд. дис. - М., 1992. - 24 с.
5. Алимбеков А. Содержание базовых компонентов модели этнопедагогической подготовки будущего учителя// Вестник Иссык-Кульского университета. - Каракол, 2007. - №-14, 46 -51
6. Омарова З.К. Культурологические аспекты поликультурной направленности языковой педагогики. Многопрофильный научный журнал Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова “3i: intellect, idea, innovation — интеллект, идея, инновация”. – 2017. – № 2. – С. 106 -112.

ӘОЖ 37.064.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДА ТОЛЕРАНТТЫ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Арыстан Б.А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың қауіпсіз, достық және қолайлы ортада білім алуын қамтамасыз ету. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуы осы кезеңде қалыптасатындықтан, олардың арасында кездесетін буллинг мәселесін елемуге болмайды. Психологиялық қысым, мазақ ету, оқшаулау сияқты әрекеттер баланың оқу үлгеріміне ғана емес, жалпы өмірге деген көзқарасына, өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді. Білім беру жүйесінде тек академиялық білім беру емес, сонымен қатар оқушылардың психо-эмоционалды қауіпсіздігіне көңіл бөлу — бүгінгі күннің өзекті талаптарының бірі. Бастауыш мектеп — тұлға қалыптасуының бастапқы кезеңі, сондықтан бұл деңгейде болатын кез келген теріс әлеуметтік құбылыстың алдын алу ерекше маңызға ие [1].

Буллинг ұғымы және оның түрлері. Буллинг — оқушылар арасында жиі кездесетін, бірақ көбіне жасырын жүретін агрессивті мінез-құлықтың бір түрі. Оған уақытылы көңіл бөлінбеу мектептегі жағымсыз ахуалдың, психологиялық жаракаттардың, оқу үлгерімінің төмендеуі мен әлеуметтік бейімсіздіктің себебіне айналады [2].

Ғылыми еңбектерге сүйенсек, мектептегі буллинг XX ғасырдың басында зерттеле бастаған. Буллинг туралы зерттеулердің негізін қалаушылар Д. Олвеус, Л. Хьюсманн және Л. Эрон, В. Бесаг. Сонымен қатар, буллинг мәселесін теориялық және практикалық жағынан зерттеп көптеген еңбектер қалдырған (В. Бесаг, Д. Лейн, К. Дьюкс, В.Т. Ортон, Д.А. Лэйн, Д.П. Таттум, Е. Мунте және т.б.) ғалымдарды атауға болады.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында Д. Олвеустің балалардың агрессивтілігі туралы жүргізген зерттеулерін басшылыққа алуға болады. Ол 1973 жылы зерттеулерінің негізінде «Aggression in the Schools: Bullies and Whipping Boys» атты еңбек шығарды.

Аталған еңбекті қазақ тіліне аударғанда «Ұруға арналған ұлдар мен мектеп бұзақылары» деген мағына береді. Автор зерттеу барысында «ұруға арналған ұлдар» және «мектеп бұзақылары» туралы құнды мәліметтер алды. Алынған мәліметтер буллилер және олардың құрбандарының жеке ерекшеліктерін кеңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Д. Олвеустің еңбектеріндегі буллингпен нақты күрес шаралары, мектептегі буллилердің агрессивтілік әрекетінің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру үшін негіз болып табылады. Басында ол баланың жақын ортасына, мектеп типтеріне, әлеуметтік кіші орта арасындағы буллингтің таралуы мен жиілігіне ерекше көңіл аударды. Сонымен қатар зерттеулерінде құрбан (жәбірленуші) мен буллидің жеке ерекшелігіне және олардың отбасы мен жақын ортасына басымдылық берілді. Демек ғалымның идеясы бойынша баланың жақын әлеуметтік ортасының кейбір жағымсыз жағдайлары оның агрессивтілігін ынталандырып, әлсіз сыныптастарына бағытталған буллингтің қозғаушы күші болып табылады. Д. Олвеус жасаған тұжырымдама ғылымда танылған деп саналады, сонымен бірге ғылыми қоғамдастықта көптеген пікірталастар туғызады. 1990-жылдың басында автор буллинг пен қоғамға қарсы мінез-құлықтың алдын алу және күресу шараларын әзірлеуге үлкен мән берді, нәтижесінде Olweus бағдарламасының тиімділігі сынақтан өтіп, бағаланды. Бүгінгі күні Д. Олвеус буллинг және моббинг мәселелерін зерттеудегі ғылыми танылған әлемдік беделді тұлға [3].

Буллинг – бұл белгілі бір баланың немесе балалар тобының басқа балаға жүйелі түрде психологиялық немесе физикалық қысым көрсетуі.

Буллинг топтағы адамдардың өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне және оның құрылымына әсер етеді. Жалпы, XX ғасырдың аяғында шетел әдебиеттерінде кейбір оқушылардың басқалар тарапынан қудалануын білдіретін ұғым «буллинг» пайда болғаны белгілі. Буллинг мектеп ортасындағы психологиялық әлеуметтік зорлық-зомбылықтың ашық түрі болып табылады.

Буллингті жәбірленуші өзін қорғай алмайтын, біркелкі емес күш қатынастары аясында бір тараптың басқа біреуді қайта-қайта ренжіту немесе зиян келтіру ниеті бар физикалық, ауызша және қарым-қатынастық мінез-құлық деп түсіну керек. Буллинг жағдайында бала әртүрлі позицияларда әрекет ете алады: жәбірленуші, агрессор (булли), сондай-ақ куәгер, оның мінез-құлық таңдау мүмкіндігі бар: максималды тоқтата тұру, жанама немесе тікелей буллиді қолдау, жәбірленушіні қорғау [4]. Буллингті күштердің теңгерімсіздігі жағдайында агрессорлардың жәбірленушілерге жасаған агрессивті әрекеттері ретінде анықтайды.

«Мектептегі қорлауды» (school bullying) әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің жиынтығын қамтитын, өзін қорғай алмайтын адамға қатысты жеке адамның немесе топтың ұзақ мерзімді физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық процесі деп қарастырады.

Буллингті «бір адам зорлық-зомбылық жасаушы, ал екіншісі физикалық және/немесе психологиялық зорлық-зомбылыққа ұзақ және жүйелі түрде ұшырайтын жәбірленуші ретінде әрекет ететін тұлғааралық қарым-қатынас формасы», - деп анықтайды.

Д.Лейн «буллингтің құрылымын» әлеуметтік жүйе ретінде зерттей отырып, оның құрамына құқық бұзушыларды (агрессор, бұзақы, буллер) және олардың құрбандары мен куәгерлерін енгізіп, сипаттайды [5].

О.Л. Глазман «буллинг құрылымының» төмендегідей жіктемесін ұсынып, қысқаша сипаттама береді: буллингті басқарушылар (жәбірлеушілер) жалпы агрессивтіліктің жоғары әлеуеті бар адамдар ретінде сипатталады. Олар өз құрбандарына ғана емес, мұғалімдер мен туыстарына да «шабуыл жасайды». Буллингті басқарушылардың көмекшілері «жәбірлеушіге» көмектесуге және еліктеуге ұмтылуымен сипатталады. Олар тікелей қорқытуды пайдаланады. «Жәбірленушінің» қорғаушылары, әдетте, бұлар сыныптастары арасында ең үлкен беделге ие. Олар тікелей қорқытуды пайдаланады, ұрады. Жәбірленушілер. Мұндай балалар психологиялық зорлық-зомбылықты, оқшаулануды және жалғыздықты, қауін пен мазасыздықты сезінеді. Буллингтің «құрбандары» депрессия белгілерінің көрінісімен, мазасыздықтың жоғары деңгейімен және басқа да жағымсыз эмоционалдық көріністермен сипатталады. Бақылаушылар (куәгерлер). Буллинг жағдайында «куәгер» рөлінде кез-келген сипаттамадағы балалар болуы мүмкін [6].

Буллинг (ағылш. *bullying*) — оқушының жүйелі түрде моральдық немесе физикалық қысым көруі. Оның негізгі түрлеріне мыналар жатады:

1. Физикалық буллинг – ұру, итеру, затын тартып алу, заттарын бүлдіру;
2. Вербалды буллинг – мазақ ету, балағаттау, қорқыту;
3. Әлеуметтік буллинг – оқшаулау, топтан шығарып тастау;
4. Кибербуллинг – әлеуметтік желілер арқылы қорқыту, масқаралау [7].

Бастауыш сынып оқушылары психологиялық тұрғыдан әлсіз, сенгіш және еліктегіш болып келетіні белгілі. Сондықтан бұл жастағы балалар буллингке жиі ұшырайды немесе өздері оны

байқамай жасайды.

Толерантты ортаның маңызы. Буллингтің алдын алу тек жазалау шараларымен ғана емес, сонымен қатар алдын алу арқылы жүзеге асуы қажет [8]. Бұл тұрғыда толерантты орта қалыптастыру аса маңызды. Толеранттылық — өзгелердің пікірін, нәсілін, дінін, ерекшелігін құрметтеу, түсіне білу, өзгеге түсіністікпен қарау, айырмашылықты қабылдау, ашық және құрметке негізделген қарым-қатынас. Мұндай ортада оқушылар өздерін қауіпсіз сезінеді, өз пікірін ашық айта алады, әлеуметтік қолдауға ие болады. Мектептегі толерантты орта келесі факторларға негізделуі тиіс:

- өзара сыйластық;
- ынтымақтастық;
- әртүрлілікті қабылдау;
- ашық қарым-қатынас;
- әділеттілік.

Толерантты ортаны қалыптастыру жолдары.

1. Мұғалімнің тұлғалық үлгісі: Мұғалім — баланың әлеуметтік мінез-құлқының негізгі моделі. Өзара сыйластықты, әділдікті, эмпатияны өзі көрсететін мұғалім оқушылар арасында да осындай қарым-қатынас орната алады. Мұғалім балаларға өзара қарым-қатынас мәдениетін өзі көрсетуі керек.

2. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту (ӘЭО): Сабақ барысында оқушылардың эмоцияларын танып, басқаруға, эмпатия мен достыққа үйрету. Оқушыларды өз эмоцияларын тануға, басқаруға, өзгенің сезімін түсінуге, қактығыстарды бейбіт шешуге үйрету.

3. Сынып сағаттары мен тренингтер: Достық, сыйластық, түрлі жағдайларды рөлдік ойындар арқылы талдау, өзара түсіністік, мейірімділік тақырыптарында сынып сағаттары, рөлдік ойындар өткізу.

4. Оқушылармен жеке жұмыс. Құндылықтарға негізделген тәрбие: Қамқорлық, шыншылдық, әділеттілік, сенім секілді қасиеттерді дамыту. Агрессия немесе оқшауланған мінез-құлық белгілері байқалған оқушылармен психолог пен мұғалімнің тығыз жұмыс жасауы.

5. Ата-аналармен серіктестік жұмыс: Ата-аналарды да буллингтің белгілері мен алдын алу жолдары туралы хабардар ету. Ата-аналарға буллингтің алдын алу, толеранттылықты дамыту тақырыптарында ақпараттық кездесулер ұйымдастыру [9].

Бастауыш сыныпта оқушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Сол себепті бұл кезеңде буллингтің алдын алып, толерантты, қауіпсіз, қолдау көрсететін орта қалыптастыру – білім беру ұйымының басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Бұл бағытта педагог, ата-ана және оқушы арасындағы тығыз байланыс пен бірлескен әрекет – табыстың негізгі кепілі.

Бастауыш мектеп — бала тұлғасының негізі қаланатын орта. Бұл ортада буллингке жол бермеу, оның алдын алу — мектеп пен педагогтың басты міндеті. Ол үшін оқушыны қауіпсіз, түсіністік пен қолдау көрсетілетін толерантты ортада тәрбиелеу қажет. Осындай ортада өсін-жетілген бала өзіне сенімді, мейірімді әрі жауапкершілікті азамат болып қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллина О.А. Педагогика и психология школьного возраста. – Алматы: Рауан, 2019.
2. Еркін А.Ж. Буллинг в школьной среде: причины и профилактика // Психология и педагогика, №2(34), 2020. – Б. 22–27.
3. А.А. Алимбекова, М.П. Асылбекова, Г. Утемисова. Буллингтің алдын алудың практикалық аспектілері. Қарағанды университеті Хабаршысы, «Педагогика» Сериясы. - № 4(112)/2023. – Б.116-122
4. Olweus D. School Bullying: Development and Some Important Challenges. Annual Review of Clinical Psychology, (2013). 9. – P.751-780
5. Г.К. Шолпанқұлова, М.П. Асылбекова, Қ.Қ. Шалғынбаева, С.С. Жубакова. Павлодар облысы бойынша оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу тәжірибесі. - Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(79), 2023 ж. – Б.285-298
6. Glazman O.L. Psikhologicheskiye osobennosti uchastnikov bullinga [Psychological characteristics of bullying participants] // Izvestiya Rossiyskogo gosudarsvtennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I.Gertsena [Proceedings of the Russian State Pedagogical University. A.I. Herzen]. - 2009. - No. 105. – P. 159-165.
7. Olweus D. Bullying at School: What We Know and What We Can Do. – Oxford: Blackwell Publishing, 1993.
8. UNESCO. School Violence and Bullying: Global Status Report, 2017.
9. Төлегенова Ш.Б. Оқушылар арасындағы конфликтіні басқару жолдары. – Нұр-Сұлтан: 2020.